

Бекіш Азамат Әбділқайыпұлы 8D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуы мен дамуы» (1915-1941 ж.ж. материалдар негізінде) тақырыбы негізінде дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Бүгінгі, яғни ХХІ ғасырдағы өскелең ұрпаққа тәрбие мен білім беруді қоғамдық сұраныс деңгейінен ұйымдастыру және ұлттық құндылықтарымызды жаңаша зерделеп, оның озық тұстарын бүгінгі күн талабында пайдалану қажеттілігі туындауда. Бұл еліміздің білім тарихы шежіресіне саяси және әлеуметтік қатынастар тұрғысына ақиқаттық көзқарасты ұлттық мәдени жетістіктер мен ұлттық рухты қасиеттер тұрғысынан қалыптастыруға, ұғындыру мен оған құрметпен қарауға үйрету барысында жастардың қоғамдық санасын тәрбиелеуде өткеннің мұрасын танып білу қажеттілігі туындайды.

Докторант А.Ә. Бекіштің «Білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуы мен дамуы» (1915-1941 ж.ж. материалдар негізінде) тақырыптық зерттеу жұмысы осы кезеңге қатысты бастауыш білім берудің тарихына қатысты сұрақта ерекше орынға ие және көкейкесті мәселе ретінде орын алады. Өйткені, докторанттың тақырыптық зерттеулері арқылы қазақстандық педагогика ғылымының қалыптасуы, ұлттық білім беру жүйесіне негізделген қазақ мектептерінің құрылуы мен даму тарихы жайындағы тарихи-педагогикалық білімдерді толықтыруға мүмкіндік беріп отыр. Себебі, А.Ә. Бекіштің қарастырып отырған зерттеу жұмысы қазақстандағы бастауыш мектептердің жүйесі және ұлттық білім беру мазмұнының қалыптасуы, оқу жоспарлар мен бағдарламалардың өзіндік ерекшеліктері, мектеп типтерінің құрылымдық жүйесі ондағы педагогикалық үдерісті ұйымдастыру ерекшеліктері т.б. мәселелер педагогикалық мұралар ретінде әлі де болса тарихи-педагогикалық тұрғыда терең зерделенбегендігін аша отырып, оларды бүгінгі қоғамның, әлеуметтік ортаның сұраныс талабына қарай қолдану жолдарын қарастырумыз керектігін негіздеп беріп отыр.

Докторант бастауыш білім берудің тарихындағы 1915-1941 жылдар аралығындағы бастауыш мектептердің типтері мен мазмұндық құрылымын, оқу жүйесінің әр түрлілігін, ұлттық білім беру жүйесінің негізінде қазақ ұлттық бастауыш мектептерінің қалыптасқан жүйесін зерттеу көкейкесті мәселе екендігін басшылыққа алып, докторлық ғылыми-зерттеу жұмысында осы кезеңдерге қатысты тарихи-педагогикалық тұрғыдағы мәліметтік деректерді талдай отырып оларды алғашқы ғылыми айналымға шығарған. Соның негізінде бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығында білім алушы білімгерлерге педагогика тарихы курсынан білімдерін толықтыру мақсатында жеке авторлық «Қазақстандағы бастауыш

мектептердің тарихы» /1915-1941 ж.ж./ атаумен жасаған элективті курсын жоғары оқу орындарының педагогикалық үдерісіне ендіріп, дәлелдей білді.

Бұл тарихи-педагогикалық білімдер жиынтығы – сол кезеңдегі әр типтегі бастауыш мектептердің алдыңғы қатарлы тәжірибелік мұраларын басшылыққа алып бүгінгі бастауыш сыныптардың білімдік мазмұнын анықтауға құрылған педагогикалық жүйемен ұласымдылық мүмкіндіктерін табуға және бастауыш білім беру кезеңдерімен сабақтастықтарын негіздей отырып, жүйелік пен бірізділік, тарихи-педагогикалық, шындықпен ақиқаттық және деректердің жинақылы жайындағы қағидалық ұстанымдарды басшылыққа алған ғылыми-зерттеу жұмыс деп баға беруге болады.

Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылымилық мазмұны тарихи-педагогикалық тұрғыдан жеткілікті дәрежеде жүйелі жазылған, оның құрылымдық жүйесі логикалық тізбектестікті сақтай отырып, талаптық ұстанымдар тұрғысындағы үйлесімділік пен бірізділіктері толық негізделген. Зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері білім тарихы бағытындағы логика және ғылыми таным әдіснамасы тұрғысынан дәлелді түрде негізделген.

Қорыта келе, Бекіш Азамат Әбділқайыпұлы 8D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуы мен дамуы» (1915-1941 ж.ж. материалдар негізінде) тақырыптағы диссертациялық жұмысы Қазақстанның Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына толықтай жауап береді және арнайы мамандандырылған диссертациялық кеңесте қорғауға болады. Ғылыми зерттеушілік бағытта орындалған диссертациялық жұмыстың авторы Бекіш Азамат Әбділқайыпұлы 8D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деген қорытынды пікірімді айтамын.

Отандық ғылыми кеңесші:

І. Жансүгіров атындағы

Жетісу университеті,

п.ғ.д., профессор



Қ.Т. Ыбыраимжанов